

Республикалық "Жыл спортшысы" конкурсы туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі 2000 жылғы 07 сәуір N 1-1-2/111 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 2 мамырда тіркелді Тіркеу N 1125. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 28 маусымдағы № 297 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 28.06.2014 № 297 бұйрығымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы спортшыларының жетістіктерін кеңінен насихаттау, келешек ұрпақтарды ел спортының игі дәстүрлері арқылы тәрбиелеу және 2000 жылғы спорт маусымын қорытындылау мақсатында бұйырамын:

1. Республикалық "Жыл спортшысы" конкурсының жеңімпазын анықтау
Е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау төраға орынбасары М.Т. Молдахметовқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі
агенттігінің
7 сәуір 2000 ж.
N 1-1-2/111 бұйрығымен

бекітілді

Республикалық "Жыл спортшысы" конкурсының жеңімпаздарын анықтау Ережесі

1. Жалпы ереже

1. "Жыл спортшысы" конкурсының жеңімпазы биылғы жылы жоғары спорттық нәтижелер көрсеткен Қазақстан Республикасының азаматы бола алады.

2. "Жыл спортшысы" конкурсы жылына бір рет өткізіледі. "Жыл спортшысы"

конкурсының жеңімпазы анықталады және жоғарыда аталған атаққа ұсынылған ондаған спортшы-ізденушілердің аттары жарияланады. "Жыл спортшысы" конкурсының жеңімпазын анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды "Жыл спортшысы" атағын тағайындау жөніндегі комитет жүргізеді.

3. Спортшыларды "Жыл спортшысы" атағына ұсыну мемлекеттік және бас жаттықтырушылардан, спорт түрлері бойынша федерациялардан, спорт қызметкерлерінен, спорт басылымдарынан, радио, теледидар, дене тәрбиесі мен спорт жөніндегі өкілетті органдар және оның қарамағындағы ұйымдардан, Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитетінен сұрау әдісімен жүргізіледі.

4. Сауалнама биылғы жылдың 20 желтоқсанына дейін жүргізілуі тиіс. Конкурс қорытындысы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

5. Конкурс жеңімпазына "Жыл спортшысы" атағы беріліп, диплом және кеуде белгісі тапсырылады.

6. "Жыл спортшысы" конкурсы комитетінің жұмысын үйлестіруді дене тәрбиесі және спорт жөніндегі өкілетті орган жүзеге асырады.

7. "Жыл спортшысы" конкурсы жеңімпазының кеуделік белгісінің немесе Кубогі мен дипломының үлгісін дене тәрбиесі және спорт жөніндегі өкілетті орган бекітеді.

2. "Жыл спортшысы" атағын беру жөніндегі Сарапшылар комитеті

8. "Жыл спортшысы" атағын беру жөніндегі комитет мемлекеттік қызметкерлер, атақты спортшылар мен жаттықтырушылар, баспасөз өкілдері және қоғамдық ұйымдар қатарынан қалыптасады. Комитет құрамы 11 адамнан аспауы керек. Комитет құрамы дене тәрбиесі мен спорт жөніндегі өкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

9. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес, келесі жұмыстарды атқарады:

- мемлекеттік спорт және қоғамдық ұйымдарға, федерацияларға, бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларына, спорт қызметкерлері мен жаттықтырушыларға сауал жібереді және жіберілген сауалнамалардың санын есептейді;

- биылғы жылдың 20 желтоқсанына дейін сұрақнама сұраулары жауаптарымен жинақтайды және алынған жауаптардың санын тіркейді;

- алынған көрсеткіштерді қортындылайды;

10. Комитет отырысының құқықтық күші оның құрамының 2/3 мүшелері

қатысқан кезде есептелінеді.

11. "Жыл спортшысы" атағын беру туралы шешім сауалнама қорытындысы бойынша шығарылады.

3. Сауалнама сұраулары

12. Сауалнама сұраулары биылғы жылы тамаша жетістіктерге жеткен 10 спортшыны 1-10 орынға дейін орналастырып атауларын ұсынады. 1-орынға - 12 ұпай, 2-орынға - 10 ұпай, 3-орынға - 8 ұпай, 4-орынға - 7 ұпай, 5-орынға - 6 ұпай, 6-орынға - 5 ұпай, 7-орынға - 4 ұпай, 8-орынға - 3 ұпай, 9-орынға - 2 ұпай, 10-орынға - 1 ұпай беріледі, ең көп ұпай жинаған спортшыға "Жыл спортшысы" атағы беріледі.

13. Комитет отырысында "Жыл спортшысы" конкурсының жеңімпазы атағын беру туралы шешім қабылданады және бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

4. Марапаттау және қаржыландыру

14. "Жыл спортшысы" жеңімпазын марапаттау Жаңа жыл қарсаңында салтанатты жағдайда өткізіледі.

15. "Жыл спортшысы" конкурсы жеңімпазын марапаттау үшін қажетті қаражат дене тәрбиесі мен спорт жөніндегі өкілетті орган ұсынған сметаға сәйкес 08 функционалдық тобы бойынша республикалық бюджетте ескеріледі.

16. Смета шығыстарына келесі баптар кіреді:

- дипломдар мен кеуде белгілерін дайындау;
- сауалнама әзірлеу және оларды жіберу;

- "Жыл спортшысы" жеңімпазы атағын тапсыру салтанатын ұйымдастыру бойынша шығыстар.